

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 22 қаңтардағы N 74 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 12 желтоқсан N 1531

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Ауыл шаруашылығы секторына арналған Азия Даму Банкінің Бағдарламалық займын жүзеге асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 22 қаңтардағы N 74 қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

3-тармақ күшін жойған деп танылсын;

2-қосымшадағы:

Ауыл шаруашылығына арналған Азия Даму Банкінің Бағдарламалық займын үйлестіру жөніндегі Ведомствоаралық кеңес құрамына мыналар енгізілсін:

Дамитов К.К. - Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі
төрағасының орынбасары (келісім бойынша)

Еламанов Б.Д. - Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі
жанындағы Сырттан қарыз алу жөніндегі
комитетінің төрағасы

Коржова Н.А. - Қазақстан Республикасының Еңбек және
әлеуметтік қорғау министрі

Мыңбаев С.М. - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің
орынбасары

Құрманғалиев С.Ш. - Қазақстан Республикасының Баға және
монополияға қарсы саясат жөніндегі
мемлекеттік комитеті төрағасының бірінші
орынбасары

Романов А.Ф. - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы
министрінің бірінші орынбасары;

аталған құрамнан С.С. Әйімбетов, П.И. Крепак, Г.А. Марченко,
А.С. Павлов, П.В. Своик, Г.Г. Штойк, Е.Ә. Өтембаев шығарылсын;

"Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 22 қаңтардағы N 74
қаулысына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің
1996 жылғы 16 сәуірдегі N 448 қаулысының 2-тармағы күшін жойған деп
танылсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі